



TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//12 СӘУІР 2018 ЖЫЛ

БОЛАШАҚКА БАҒДАР

«Жас Отан» жаңа мақсаттарға жетелейді



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаевты қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Кездесуде Қазақстан Президентіне партияның қазіргі қызметі жөнінде мәлімет берілді,

«Жас Отан» жастар қанатының IV съезінің қорытындылары туралы баяндалды. Елбасы мемлекеттік саясатты іске асыру үдерісінде партияның жастар қанаты маңызды миссия атқаратынын айтты.

«Жас Отан» жастар қанатының съезі табысты өтті. Менің тапсырмама сәйкес, жастар арасында саяси жұмыстар жүргізудегі тиіс. «Жас Отанның» мақсаты

– Қазақстан жастарының бәрін біріктіру, – делі Нұрсұлтан Назарбаев.

Кездесу барысында Мәулен Әшімбаев съездің қорытындысы бойынша қол жеткізілген нәтижелерге тоқталды.

– IV съезге барлық облыстар мен өңірлерден 1500-ден астам делегат қатысты. Форумның бірінші күні партияның конференциясы және арнайы бес

панельді сессия өтті, – делі «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары.

Бұдан бөлек, М.Әшімбаев Нұрсұлтан Назарбаевқа стратегиялық мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, соның ішінде «Рухани жаңғыру» және «Цифрлық Қазақстан» бағдарламаларын жүзеге асыру үдерісіне партияның атсалысуы туралы баяндады.

Сондай-ақ «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мемлекет басшысына партияның кадрлық резервін қалыптастыру барысы жөнінде мәлімдеді.

Кездесу соңында Нұрсұлтан Назарбаев партияның түрлі бағыттағы жұмысын жандандыру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

Бет қатталып жатқанда

► «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев пен партия хатшысы Тамара Дүйсенова Астана қаласындағы бірқатар әлеуметтік нысанларды аралады, деп хабарлайды саяси ұйымның баспасөз қызметі.

► Банктер «7-20-25» бағдарламасына қатысуға дайын екенін мәлімдеді. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысынан кейін тілшілерге Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев айтты.

► Энергетика министрі Қанат Бозымбаев аздағы күндері бензин бағасы төмендеуі мүмкін екендігін айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

► Еуразиялық экономикалық одақ есдері зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім жобасы бойынша позицияларын жақындастырды. Бұл туралы БЕЛТА хабарлады.

► Оңтүстік Қазақстан облысынан солтүстікке қоныс аударғысы келетін 125 отбасы жолға шықты. Олар солтүстік облыстарынан тұрақты жұмыс тауап, жері құнарлы өңірде егіншілік пен құс шаруашылығын түзетсек дейді.

► Алматы мен Ташкент арасына автобус қатынайтын болды. Өзбекстан астанасында «Ташкент – Алматы – Ташкент» халықаралық автобус бағытының ашылуы өтті.

► Қостанай қаласында тұңғыш рет 20 қабатты тұрғын үй және заманауи қонақ үй салынады. Бұл тұрғын қала дамуына арналған кенесте «Базис Бест» компаниясының атқарушы директоры Марат Мөлхамедов айтты.

Индексдері			
KASE	2434.1	-0.39%	↓
FTSE 100	7266.8	1.00%	↑
MSCI World	2090.1	1.40%	↑
S&P 500	2656.9	1.67%	↑
Dow Jones	24408	1.79%	↑
Russel 2000	1543	1.91%	↑
Russel 3000	1575	1.69%	↑

10 Сәуір 2018			
Тауарлар			
Мұнай	71	3.48%	↑
Мыс	6914.8	1.72%	↑
Қорғасын	2394.3	0.24%	↑
Мырыш	3239	0.93%	↑
Никель	13649.5	1.98%	↑
Алюминий	2208.3	2.66%	↑
Уран	20.65	-2.36%	↓

10 Сәуір 2018			
Валюта нарықтары			
USDKZT	327.54	1.97%	↑
EURKZT	404.73	2.27%	↑
USDRUB	63.044	3.94%	↑
USDUAH	25.95	-0.20%	↓
USDVYR	20390	1.72%	↑
EURUSD	1.2356	0.28%	↑
GBPUSD	1.4176	0.32%	↑

► ҰЛТТЫҚ БАНК: ЗАҢ ЖОБАСЫ

Басты міндет – Қазақстан аумағында шетел валютасымен есеп айырысуды қысқарту

Кеше Мәжілістің жалпы отырысында «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заң жобасы қаралды. Қазақстан 2015 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымына кірді. Осы ретте елімізде шетелдік қаржылық емес ұйымдар қызметінің аясы кеңейілді. Соңғы жылдары құрылған «Астана» халықаралық қаржы орталығы және «Қорғас» шекара маны ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймақтарында валюталық реттеуді ерекше режимі көзделді.

РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

АХКО туралы конституциялық заңға сәйкес оның аумағында валюталық операцияларды жүргізу тәртібі Ұлттық банкпен келісе отырып белгіленеді. Еліміздің ДСҰ-ға кіруінің өтпелі кезеңі 2020 жылғы 16 желтоқсанда аяқталады. Сол кезден бастап



шетелдік қаржы ұйымдарының филиалдары Қазақстанда жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Осы ретте серпінді даму үстіндегі нарықтар жағдайы ескеріле отырып, валюталық заңнаманы жоспарлы түрде өзгерту қажет болды.

Палатаның жалпы отырысында Ұлттық банк басшысы Данияр Ақышев атап өткендей, заң жобасының негізгі міндеті – валюталық операциялардың мониторингін кеңейту және Қазақстан аумағында шетел валюта-

сымен есеп айырысуды қысқарту. «Аталған нормаларды іске асыру валюталық бақылаудың тиімділігін, оның ішінде елден ақшаны әкетеуе қарсы іс-қимылды арттыруға мүмкіндік береді. Заң жобасында либералды валюталық реттеу қандаттарынан сақтау көзделген. Бұл азаматтарға және бизнес субъектілеріне қосымша жүктемесіз Қазақстан Республикасы интеграциялық бірлестіктер және халықаралық ұйымдардағы мүшелігі аясында қабылдаған халықаралық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді», – деп түсіндірді Д.Ақышев.

Қолданыстағы заңнама бойынша шетелдік ұйымдардың филиалдары бейрезиденттер болып табылады. Бұл оларға Қазақстанның ішінде резиденттермен валюталық операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазақстандық компаниялар үшін бұған тыйым салынған.

> [4]

► ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН



Темір жол тың технологияларға бет бұрды

ҚТЖ 17 вокзалдың қызметін цифрлық жүйеге көшірді

Жаңаның жана типтегі экономика құру құшынысын сандық технологиялардан бөліп қарау мүмкін емес. Заманауи әлем талаптарын ескеру өз кезегінде елімізде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын әзірлеуге түрткі болған еді. Осының аясында «Цифрлық темір жол» ұлттық компаниясының бизнес-модельдері цифрландыру және жана технологияларды енгізуге бағытталған «Цифрлық темір жол» жобасы қалай жүзеге асуда?

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

ҚТЖ жыл басынан бері енгізіп жатқан «Цифрлық темір жол» стратегиясы жоспарлау мен ескеру жүйелерінің сапасын жақсартуды, отын-энергетикалық ресурстарды пайдалану шығынын онтайландыруды, инфрақұрылым мен жылжымалы құрамаға техникалық жөндеу жасау арқылы қалыпты жұмыс жасау мерзімін ұзартуды, көлік сервісін, клиентке бағдарланған қызмет көрсетудің деңгейін көтеруді қамтамасыз етпек.

> [5]



БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

► Ақ Орда



Халықаралық байланыстар нығая береді

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев елшілерден сенім грамоталарын қабылдады.

Рәсім барысында Қазақстан Президентіне Ресей Федерациясының Төтенше және өкілетті елшісі, Өзбекстан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі, Түрікменстанның Төтенше және өкілетті елшісі және Италия Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі сенім грамотасын тапсырды.

Мемлекет басшысы рәсімге қатысушыларды Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының басталуымен құттықтап, олардың қызметтері мемлекетаралық қарым-қатынастарды дамытуға тың серпін беретініне сенім білдірді. — Сіздердің дипломатиялық қызметтеріңіз еліміз үшін мазмұнды өрі

маңызды оқиғаларға толы кезеңде басталғалы тұр. Қазақстан ширек ғасыр ішінде демократиялық жүйесі орныққан, азаматтық қоғамы кемелденген, экономикасы дамыған мемлекетке айналды, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті елімізде халықаралық байланыстарды нығайтуға бағытталған көпжақты сыртқы саясат жалғаса беретінін атап өтті.

— Біз бейбітшілік пен қауіпсіздікті халықаралық құқық негізінде нығайтуды көздейтін іс-әрекеттерді қолдаймыз. Бұған Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде атқарып келе жатқан қызметі дәлел, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті еліміздің әлеуметтік-

экономикалық даму нәтижелеріне тоқталып, бізге инвестиция тарту үшін қалыптасқан мүмкіндіктер жөнінде айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасында қалыптасқан мемлекетаралық қарым-қатынастың жоғары деңгейде екенін айттып, ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға түсу бағыты екі ел халқы тарапынан кең қолдау тауып отырғанын атап өтті. Сонымен қатар Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің Қазақстан—Өзбекстан қарым-қатынасын одан әрі нығайтуға зор үлес қосқанына, Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттер арасында сындарлы диалог орнап, барлық басты бағыттар бойынша өзара түсіністіктің жоғары деңгейіне қол жеткізіліптіне тоқталды.

► ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Премьер-министр Бакытжан Сағынтаевтың төрағалығымен Үкімет отырысында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік мәселесі және жекешелендіруді жүргізу барысы қаралды. Сондай-ақ білім беру саласын цифрландыру жайы баяндалды.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Жиында Үкімет басшысы Б.Сағынтаев Елбасы мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі тетіктерін қолдану саласын кеңейтуге үлкен мән беріп отырғандығын атап өтті. Бұл тұрғыда Үкімет тарапынан барлық қажетті шешімдер қабылданады. Ұлттық экономика министрінің мәліметіне сәйкес, бүгінгі таңда мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі негізінде жалпы сомасы 766,4 млрд теңгеге 212 келісімшарт тіркелген, оның ішінде 2018 жылдың I тоқсанында 521,5 млрд теңгеге 16 келісімшарт жасалды. Осы жылдың I сәуіріндегі жағдай бойынша 90,6 млрд теңге сомасына 140 нысан пайдалануға берілсе, оның ішінде 1,2 млрд теңгенің 8 нысаны былдың I тоқсанына тиесілі. Сондай-ақ дайындаудың әртүрлі кезеңдерінде жалпы құны 1,6 трлн теңге болатын 620 жоба бар.

Ұлттық экономика министрі Т.Сүлейменов МЖӨ дамыудың одан қарқынды аттап өтті. Салалық тұрғыда 218 нысан бойынша 212 келісімшарттың басым бөлігі, атап айтқанда 52 проценті білім беру саласына, 19 проценті денсаулық сақтау саласына, 14 проценті мәдениет және спорт саласына, ал 15 проценті басқа да салаларға тиесілі. Жалпы, тәжірибе МЖӨ тегінің пайдаланудың оң нәтижесін көрсетіп отыр. Мәсалы, өткен кезеңде 140 нысан пайдалануға беріліп, бұл бюджетке біржолғы жүктемені 90,6 млрд теңгеге қысқартуға мүмкіндік берген.

Өз кезегінде инвестициялар және даму министрі Ж.Қасымбек қазіргі таңда мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі тегі бойынша 14 жоба әзірлеу және енгізу сатысында тұрғанын айтты. Бұл ретте ол автокөлік және темір жолдар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, шифрландыру салаларындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды баян етті.

Ал денсаулық сақтау министрі Е.Біртановтың айтуынша, бүгінде денсаулық сақтау саласындағы МЖӨ жобаларының тізімі 175 жобаны қамтиды. Олардың 50-і бойынша келісімшарт жасалса, қол қойылған келісімшарттардың жалпы құны 33,7 млрд теңгені құрайды.

Мәселені қорытындылай келе, Премьер-министр Бакытжан Сағынтаев бүгінгі басты мәселе — Президенттің бес әлеуметтік бастамасын іске асыру

аясында МЖӨ негізінде студенттерге арналған жатақханалар салу; бұл ретте өңірлердің әкімдері осы мәселеге баса назар аударуы керектігіне тоқталды. Атап өтерілігі, МЖӨ жобаларының 75 процентке жуығы әлеуметтік саланың үлесінде. Осыған байланысты инвестициялар және даму министріне МЖӨ шеңберінде жүзеге асырылатын барлық жобаларды мұқият қарау тапсырылып, бақылау жұмыстары Премьер-министрдің орынбасары Е.Досаева жүктелді.

Отырыста маңыз берілген келесі тақырып — жекешелендіруді жүргізу барысы туралы қаржы министрі

осы буышылықтар туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарының интернет-сайтында жарияланды. Сондай-ақ мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталындағы «Жекешелендірудің екінші толқыны» баннерінде кемшіліктерге жол берген объектілер мен сатушыларды көрсететін бөлек қызыл жолақ жасалған. Бұдан өзге, Ұлттық экономика министрілігіне «Мемлекеттік мүлік туралы» заңға жекешелендіру процесін жасқартатын бірқатар түзетулер ұсынылды. Ал жалпы алғанда, міндеттер мен максаттар айқын, жекешелендіру процесі бірқалыпты тұрақты жүйеде жүргізілуде.

Межелі істер мұқият орындалуы керек



Б.Сұлтанов баяндады. Ол мәлімдегендей, жекешелендірудің кешенді жоспары бойынша 482 нысан сатылымға шығарылып, оның 397-сі сатылған. Сату бағасы 199 млрд теңгені құрады. Бұдан өзге, 274 нысан қайта ұйымдастыру және тарату сатысында тұр. Осылайша қайта ұйымдастырылатын және таратылатын нысандарды қоса есептегенде, жекешелендірудің кешенді жоспары 76 процентке орындалып отыр. Быыл 265 нысанды өткізу көзделіп, оның ішінде 1 тоқсанға 40 нысан жоспарланған. Токсан қорытындысы бойынша 45 нысан сатылымға шығарылып, олардың ішінде 19 млрд теңге сомасына 20-сы сатылды. 10 нысан бойынша тарату туралы шешім қабылданды.

Жалпы жекешелендіруге жататын 71 топ нысанның бүгінде 13-і сатылды. Сату бағасы 95 млрд теңгені құрады. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының 7 нысанын бас компанияның құрамында «пакеттік» сату туралы шешім қабылданды. Ал быыл 40 топ нысанды өткізу жоспарланып отыр.

Премьер-министрдің биылғы 16 қаңтардағы Үкімет отырысында жекешелендіру үрдісін бауалататын бұзушылықтарды жою бойынша берген тапсырмаларын орындау аясында

Ұлттық экономика министрі Т.Сүлейменов жекешелендірудің кешенді жоспарын жүзеге асырудың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарға тоқталды. «Самұрық-Қазына» қорының жекешелендірудің кешенді жоспары аясында атқарған жұмыстары туралы қордың басқарма төрағасының орынбасары А.Айдарбаев айтты.

Отырыста талқыланған тағы бір тақырып — білім беру саласын цифрландыру барысы туралы сала министрі Е.Сағадиев баяндады. Ол министрлік белгілеген білім беру жүйесі мен ғылымды цифрландыруды әрі қарай дамытудың жаңа бағыттарын атады. Сондай-ақ ақпарат және коммуникациялар министрі Д.Абаев білім беру жүйесін шифрландыру аясында іске асырылып жатқан шараларға тоқталды.

Үкімет басшысы Б.Сағынтаев 2020 жылдың соңына дейін барлық қашықтағы елді мекендер кең жолақты интернетке толықтай қосылуы тиіс екенін баса айтты. Бұл ретте білім және ғылым министрлігі әкімдермен бірлесіп, шифрландыру жұмыстарын жалғастырып, барлық жоспарлы көрсеткіштерге жетуді қамтамасыз етуі керек.

► Үкімет Үйі

Өңірлер дамуы – өткір назарда

Премьер-министр Бакытжан Сағынтаев өңірлердің экономикасын дамыту бойынша 2018 жылға арналған мақсатты индикаторларға қол жеткізу мәселелері бойынша жұмыс кенесін өткізді.



Елорданы дамыту тұрғысынан туризм, сауда, жаппай кәсіпкерлік, инвестициялар тарту және өнімді жұмыспен қамту, оның ішінде еңбек нарығының инфрақұрылымын жаңғырту және еңбекке жұмылдыру мәселелеріне баса назар аударылды. Облыстардың жұмыста-

рының бағыттары агро-өнеркәсіп кешенін, туризмді, білім беру саласын, денсаулық сақтау саласын, жаппай кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ индустрияландыру, өнімді жұмыспен қамту, қаржылық тұрақтылық, технологиялық жаңарту және экономиканы шифрландыру салаларына негізделген.

► УАҚЫТ АҒЫМЫНДАҒЫ БІР СӨТ: БАС ҚАЛАНЫҢ КЕШЕГІСІ ЖӘНЕ БҮГІНГІСІ



Жоғарғы суретте:

Қазіргі Астана қаласындағы «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы»

Төменгі суретте:

Целиноград (қазіргі Астана) әуежайы, 1971 жыл



ТАҒАЙЫНДАУЛАР

ӘЛИЯ РАҚЫШЕВА

КР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары болып тағайындалды

АРМАН ӨТЕҒҰЛОВ

КР Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің төрағасы болып тағайындалды

ЕРБОЛ ТАСЖҮРЕКОВ

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары болып тағайындалды

ҚҰАНДЫҚ ҚАСЫМОВ

Ақтобе қаласы әкімінің орынбасары болып тағайындалды

БИЗНЕС & ҚОҒАМ

КЕЛЕЛІ КЕНЕС

Тимур Құлыбаев: Жаппай туризмді дамытуда заманауи шешімдер керек

«Атамекен» ҚР ҰҚП төралқа төрағасы Тимур Құлыбаев Маңғыстау облысының кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің отырысына қатысты.

ӘЛИЯ КЕМЕЛБЕКОВА

Жиынды ашқан Тимур Құлыбаев бизнесті қолдаудағы Ұлттық палата мен Үкіметтің бірлесіп атқарған жемісті жұмысын атап өтті.

«Үкімет отандық кәсіпкерліктің дамуына аса назар аударуда. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту мәселесі де талқылануда. Аталған бағытқа мемлекеттен қаржы бөлінбек. Біз бұл қолдауды оқыту бағдарламалары және қаржылық ресурстармен күшейтуіміз керек. Бұл үдеріс сәтті әрі тиімді өтеді деп ойлаймын», — деді Тимур Құлыбаев.

Жиын барысында Ұлттық палата мен Маңғыстау облысы әкімдігінің жұмыс нәтижесі талқыланды. Дәл осы өңірде «Атамекен» бірнеше бастаманы қолға алып, жүзеге асырған болатын.

«Кәсіпкерлік негіздеріне оқытатын «Бастау» пилоттық жобасы» осы жерден басталды. Осы өңірден «Атамекен» жанынан шағын несиелеу ұйымдарын енгізуді қолға алдық. Бүгінде осы бағытта қаржы нәтиже мен алғашқы жемістерді көріп отырмыз. Осы ретте шағын несиелеу ұйымдарына қайтарым ағымды коммерциялық банктармен салыстырғанда анағұрлым жақсы. Шағын бизнесті шағын несиелендіру бастамасын ERG, «Ал-Мәке», «Қазакмыс» сынды ірі бизнес қолдаған болатын. Бүгінгі нәтиже көңіл қуантады. Осы жемісті жәйірібе ел ауқымына таралды, қазір шағын несиелеу барлық өңірлерде де жүргізіледі», — деді Тимур Құлыбаев.

«Атамекен» ҚР ҰҚП төралқа төрағасының айтуынша, Мемлекет басшысы «Бастау» жобасы бой-

ынша нәтижемен танысып, жоба қатысушыларына шағын несие беру үшін қосымша қаржы бөлулі тапсырды. Тимур Құлыбаев бұл үдеріс бірнеше жылда елдегі кәсіпкерліктің өсуіне айтарлықтай серпін беретінін айтты.

«Әрине, адамдар бизнесті бастамай тұрып, кәсіпкерлік негіздеріне оқытуымыз керек. «Бастау» бағдарламасынан басқа «Атамекен» бастамасымен орта білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына кәсіпкерлік және бизнес негіздерін үйрететін арнайы пән әзірленді. Осылайша бұл бастама арқылы мектеп жасынан бастап мамандықты дұрыс таңдап, жастардың бизнеске жаппай тартылуына себептігін тигізгіміз», — деп атап өтті Тимур Құлыбаев.

Жиын барысында «Атамекен» басшысы Маңғыстау облысының туристік әлеуеті жоғары екенін айтты, осы мүмкіндікті бизнес тиімді пайдалануы керек екенін назарға салды. Төралқа төрағасы жергілікті өкілдерімен бірлесіп, Туризмнің өңірлік картасын әзірлеуді және әсем табиғаты мен тарихи орындары бар өңірді ел ішінде де, шетелде де белсенді насихаттауды ұсынды.

«Ақтау — Қазақстанның ең көрікті қалаларының бірі. Бұл артықшылықты өңір игілігіне пайдалану керек. Жаппай туризмді дамытуда заманауи шешімдер қажет. Егер бұл үдеріске тарихшылар, этнографтар, мәдениеттанушылар, маркетингтік дизайнерлерді тартса, онда туризмді сапалы әрі тиімді жүргізуге болады. Осылайша нақты жұмыс істейтін жаппай туризмді дамытамыз. Тамақтану орындары, қызмет көрсету сервисі мен логистиканың сапалы әрі жоғары деңгейін қамтамасыз ету керек. Бизнес осы бағытта белсенді болуы жөн — бұл аса тиімді әрі тар-



тымды кәсіп. Бөріміз осы жұмысқа ат салысайық, әкімдік те бұл бағытты қолдап отыр», — деп ұсынды Төралқа төрағасы.

Тимур Құлыбаев Елбасының өңірдегі шағын және орта бизнестен түсетін салықтың бір бөлігін жергілікті жерде қалдыру туралы тапсырмамен еске салды. Бұл өкімдіктер мен барлық мемлекеттік органдардың кәсіпкерлікті дамытуда ынтысқан артықшылығын көрсетеді.

«Жергілікті бюджеттер толықтырылды және осы қаражатты өңірдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге, облыстардың инвестициялық әлеуетін арттыруға жұмсауға болады», — деді «Атамекен» басшысы.

Осы ретте Тимур Құлыбаев адамдар өмірі мен денсаулығына қатысты қауіпсіздік пен бизнестің жауапкершілігі аса маңызды екенін айта келе, қолжазбалық үлгердегі лифт қызметінің осалдығы, кеше ғана Ақтөбе қаласындағы болған қайғылы жағдайды мысалға келтірді.

«Адам денсаулығына қатысты сұрақтарда қатаң бақылау болуы шарт. Өзін-өзі реттеу үдерісі дамуы керек. Құрылыс қауымдастықтары нақты нормативтік базаны әзірлеп, құрылыс сапасына бақылау жүргізуі жөн. Тұтынушылар құқығын қорғау бойынша ТУРАЛЕ заңнамасында қарай бізде ондай белсенді қоғамдар жоқ. Сактандырудың нақты механизмі керек, ол да әзірге жұмыс істемейді. «Атамекен» сактандыруды енгізуді айтады. Кемерово болған жағдайдан соң өрт қауіпсіздігін күшейтуді қайта қолға алдық. Бизнесінің өрт қызметіне деген шағымы көп. Ұлттық палата бұл органдардың бизнеске қатыс қысым жасамауын қамтамасыз ету де тырысып жатыр, дегенмен бұл салада бақылау болуы шарт. «Атамекен» бизнесін адал жүргізетін кәсіпкерлерді, заң мен нормативтерді ұстанатын бизнесті қолдайтын назираға саламын», — деді Тимур Құлыбаев.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ

THE TIMES OF ISRAEL

TASE киберқауіпсіздік тәжірибесімен бөліспек

Тель-Авив қор биржасы (TASE) киберқауіпсіздік жүйесін құруға көмектесу туралы «Астана» халықаралық қаржы орталығымен (АХКО) келісімге қол қойды, деп хабарлайды The times of Israel on-лайн газетінен.

Израиль тұңғыш рет шетелдік биржаға кәсіби кеңес беру қызметін көрсетеді.

Бұл келісім АХКО-ға Тель-Авив қор биржасының киберқорғау саласындағы кәсіби және көпжылдық жұмыс тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік бермек.

«Киберқауіпсіздік — бүкіл әлемде қор биржалары мен қаржы институттары дәл қазір бастап кешіп жатқан маңызды мәселелердің бірі. Тұтастай әлем бойынша орталық биржалар киберқорғау саласындағы түйткілді мәселелерге ұшырауда, өйткені олар қаскөйлер тарапынан шүйілетін кибершабуылдар объектілері болып табылады», — деп жария етеді TASE өз хабарламасында.



«Роснефть» қазақстандық компанияға қомақты қаржы аудармақшы

«Бірінші қазақстандық жүк тасымалдаушы компания» ЖШС (ТОО «Первая казахстанская грузовая компания») «РН-Транс» (ресейлік аса ірі «Роснефть» компаниясының еншілес кәсіпорны) АҚ-дан жалпы сомасы 951 млн рубль болатын үшжылдық тапсырыс алды, деп хабарлайды Интерфакс-Қазақстан агенттігінен.

Қазақстандық компания 2018 жылдың 1 сәуірінен 2021 жылдың 31 наурызына дейінгі кезеңде Қазақстан территориясы бойынша теміржол көлігімен мұнай өнімдерін тасымалдау мақсатындағы кешендік қызметтер көрсетеді.

«РН-транс» АҚ «Роснефтьтің» тиіу пункттеріндегі жүктерді жоюлаушы/жүктерді қабылдаушы және «Роснефть» компаниясының жүктерін тасымалдау бойынша бас экспедиторы болып табылады.



Hewlett-Packard (hp) еліміздегі цифрландыруға үлесін қоспақ

HP компаниясы «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» АҚ-мен әріптестік туралы меморандумға қол қойды.

«Цифрлық Қазақстан» жобасы енгізілуіне байланысты бірқатар ірі әлемдік IT-корпорациялар қазақстандық старт-ап бәлаларға инвестиция салуға ықпал танытып, еліміздегі маңызды шара — цифрландыруға қатысуға ниеттеніп отыр. Олардың арасында — Microsoft, Red Hat және Hewlett-Packard (HP) компьютер шығарушылар бар. 10 сәуір, осы сәйенбеде солардың соңғысы Астанада баспасөз мәслихатын өткізіп, қазақстандық IT-компаниялармен әріптестік жөніндегі жоспарларынмен бөлісті.

Hewlett-Packard-тың Қазақстан мен Қырғызстандағы бас директоры Дана Алтыбаев «Қазақстан — компания үшін маңызды нарық, сол мақсатта үлкен жоспарларымыз бар», — деді.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

«Атамекен» өңірлерге қолдау көрсетуде

Өткен аптаның аяғында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы аймақтарда шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамытуға ықпал ету бағытында нақты іс-қимыл жүргізуге инетті екенін білдірді. Атап айтқанда, Маңғыстауда «Nur Kapital» бағдарламасы салтанатты түрде іске қосылды.

БАТЫР РАХМЕТУЛЛИН

Шараға Қазақстан Республикасының «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы президентінің ұлы баласы Тимур Құлыбаев, Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжанов, қала мен аудан әкімдері, кәсіпкерлер қоғамдық бірлестіктерінің, екінің деңгейлі банктардың, қаржы институттарының өкілдері қатысты, деп хабарлайды Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бұл ретте маңызды шараның Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бастамасының» бірі — шағын несиені кеңейтуге арналған отырғанын да айта кеткен абзал. Мемлекет басшысы осы бастамасының мыңдаған адамға өз бизнесін ашуға мүмкіндік беретінін атап айтқан болатын. Міне, осының жарқын айғағындай, Маңғыстау облысындағы Елбасы тапсырмаларын іске асыру және қолдау мақсатында ШОБ несиелерін жылна 1%-бен беретін «Nur Kapital» бағдарламасы іске қосылды отыр. Бұл жобаны Мемлекет басшысы қолдап, мақұлдады.

«Біз халықтың қоғамдық сана-сезімін жаңғырту үшін шағын және орта бизнесті дамытуға нақты жағдай туғызу міндетін алға қойып



отырмыз. Қазіргі уақытта жалпы несие портфелі 2,7 млрд. теңгені құрайды (оның ішінде жергілікті бюджеттен 900 млн. теңге, «Даму» қорынан 1,800 млн. теңге). Бүгінгі таңда «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Маңғыстау облыстық филиалымен (400 млн. теңге), «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Жаңаөзен өңірлік филиалымен (400 млн. теңге) және «FortBank» АҚ (322 млн. теңге), «Сбербанк России» АҚ ЕБ (150 млн. теңге) келісімге қол қойды. Сондай-ақ, осы бағдарламаға қатысу үшін «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Атамекен Микрофинанс» ЖШС өтімдерін берді», — деді Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжанов шара барысындағы өз сөзінде.

Өңір үшін өте тиімді осы бағдарламаны қолға алған ұйым өкілдерінің мәлімдеуінше, «Nur Kapital» бағдарламасына қатысқысы келетін барлық кәсіпкер

қажетті құжаттарды дайындау және жинаумен айналысатын Жаңаөзен қаласындағы және облыстағы бизнес-бөлімшелерге өз өтімдерімен жүгіне алады екен. Сондай-ақ, ісін ілгерілетуге ынта білдірген кәсіпкер барлық қажетті құжатты екінің деңгейлі банктарға тапсырып, мақұлданып соң банкпен бірлесіп, субсидия алу үшін құжаттарды облыстық үйлестіру кеңесіне жібереді, дейді мамандар. Бұл ретте аймақтық үйлестіру кеңесі өңір аудан үшін маңызды деп танылған жобаларды жеке-жеке қарастыратын аймақ тегіне керек. Демек, іскер азаматтар несие алуға ынтысқан білдіріңі қана қоймай, жұмысын жандандыру жолдарын нақты бизнес-жоспарымен де дәлелдей алуы тиіс.

«Қазіргі таңда облыстағы қалалар мен аудандар әкімдіктерінде 2 млрд. теңгеден астам қаржыға кәсіпкерлер тарапынан 192 өтінім келіп түсті. Олардың 35%-ы

мал шаруашылығы секторында, өңдеу, жеңіл өнеркәсіп — 22%, туризм — 16%, көлік және қойма — 8%, өсімдік шаруашылығы — 5%, денсаулық сақтау — 5%, қызмет көрсету — 3%, білім беру — 3%, тамақтану қызметтері — 1%, көтерме және бөлшек сауда — 1%, инвестициялар — 0,3%, өнер, ойын-сауық және демалыс салалары — 0,1% құрады», — дейді Маңғыстау облыстық кәсіпкерлік және сауда басқармасының басшысы Венера Мұстапаева.

Өңірдегі ШОБ саласында игі істерге жұмалған іскер азаматтар үшін аса маңызды осы кездесу барысында 2018 жылдың қантарынан бастап Маңғыстау облысында жүзеге асырылған «Кәсіпкер боламын!» атты пилоттық жоба таныстырылды. Кәсіпкерлік негіздеріндегі ойын жаттығуларының жобасы әлеуметтік білім беруді көздейді: оқушылар арасында кәсіпкерлік сананы дамыту, бизнесті жүргізу әдістері мен құралдарын ұсыну — жобаның мақсаты осыны негізге алды, дейді ұйымдастырушылар.

Аталмыш жобаның бастамасы асында облыстың 12 пилоттық мектебінде 365 жоғары сынып оқушыларына арналған 14 бизнес-тренинг факультативті сабақтар өткізілді. Сонымен қатар, бизнес-тренерлер мен олардың студенттері арасындағы конкурсты өткізілме, 150 жеңімпазға халықаралық бизнес-тренерлердің қатысуымен бизнес-лагерь ұйымдастырылды. Жеңімпаздар аймақтың ірі кәсіпкерлері, «Даму» қоры және «Атамекен» Кәсіпкерлер палатасы гранттарымен қамтамасыз етіледі екен.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Білім берудегі цифрлық ресурстар

Еліміз ақпараттық технологиялар мемлекеттік басқару саласында ширек ғасырдан бері табыспен қолданылып келеді. Қазіргі таңда мемлекет ұсынатын қызметтердің көпшілігі электрондық тәсілмен көрсетіледі.

Білім және ғылым мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық күш-қуаты өркендеуінің негізгі қозғаушы күші болып табылады. Білім саласын дамыту инновацияны ендіруге септігін тигізіп, жастарды қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға қажетті керекті білімдер мен дағдылармен қамтамасыз етеді.

Білім берудің сапасына әсер ететін келесі бір көрсеткіш бір оқушыға жұмсалатын шығын болып табылады. Қазақстан Еуропа және Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде бір оқушының білім алуына қажетті ең төменгі соманы, яғни ішкі жалпы өнімнің 21 пайызын ғана жұмсайды.

Екінші мұнайлы аймақта – ҚР-да орта есеппен жыл басына шаққандағы атаулы табыс деңгейі

ӘЛЕУМЕТ

Халық табысы төмендеп кеткен

Еліміз тұрғындарының атаулы табыстарының жыл сайынғы өсіміне қарамастан, халықтың сатып алу мүмкіншілігі екі жыл қатарынан қысқарған. 2017 жылы қазақстандықтардың орта есеппен жыл басына шаққандағы табыстары 6,5%-ға өскен.

Табыстардың ең жоғары деңгейі – Атырау облысында: бір тұрғынға статистикалық орта есеппен 1,7 млн теңге, бұл мұнан бір жыл бұрынғыдан 1,8% артық.

Сондай-ақ екі астамымыз да көшбастаушылар қатарында. 2017 жылы астандықтардың табысы орта есеппен 1,6 млн теңге, алматылықтардікі – 1,5 млн теңге құраған.

Table with 5 columns: Region, 2017, 2016, % change, % change. Lists regions like Qazaqstan, Atyrau oblasty, Astana, etc.


2016 жылы инфляция табыстар 13,7% өсімін «жұтып» қойған және де нақты сатып алу қабілеті 0,7%-ға төмендеп кеткен.

2017 жылдың IV тоқсанының қорытындысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен де төмен табыс алған қазақстандықтар 2,4% болған, яғни ҚР тұрғындарының 436 мың адамын құраған.

Айта кету керек, мұндай төменгі деңгей қаладағы тұрғындардың 1,1%-ын құраса, ауылдық жерлердегілердің – 4,1%-ын құраған.

Мұнан басқа еліміздің 0,1% тұрғындары азық-түлік себеті құнынан төмен табыс тауыпты (ауылдық жерлерде – 0,3%).

2013-2017 жылдары халықтың шығындары табыстарына қарағанда баяуарық өскен. Аталмыш бесжылдықта қазақстандықтардың табыстары ақшалай түрде 36%-ды құраған, сөйте тұра шығындары 30,5% артқан.



